

Өнім берушіде жұмыс істеуге рұқсаты бар ас блогының әрбір қызметкеріне медициналық кітапшалар бар.

2017 жылғы 16 тамыз № 611 ҚР Білім беру объектілеріне қойылатын "Санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" тарауының 28 тармағына сәйкес асханада ауыз су режимін қамтамасыз етеді.

Өнім беруші қолда бар технологиялық, тоңазытқыш және санитарлық-техникалық жабдықтардың жарамдылығын және уақытында мемлекеттік тексеруді (өлшеу құралдары үшін) қамтамасыз етеді, сондай-ақ тамақ өнімдерін жеткізуді ұйымдастырады.

Отандық қызметтерді, тауарларды өндірушілерді қолдау үшін өнім беруші отандық қызметтерді, тауарларды өндірушілерден тамақтандыруды ұйымдастыру шеңберінде кемінде 80% (сексен пайыз) тамақ өнімдерін сатып алады.

Әлеуетті қызметтер берушінің тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі өтінімдері қабылданбайды:

- 1) "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қалыптастырылатын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде тұрады.;
- 2) осы әлеуетті өнім берушінің әлеуетті және(немесе) уәкілетті өкілінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаттары өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие болса не өткізілетін конкурстарда конкурсты ұйымдастырушының өкілі болып табылса;
- 3) Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса;
- 4) бір теңге және одан да көп мөлшерде салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің болуы (төлеу мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұзартылған жағдайларды қоспағанда).

Тауарларды жеткізу.

Техникалық тапсырмада жеткізілетін тауарлар сәйкес келуі тиіс сатып алынатын тауарлардың толық сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық сипаттамалары, кепілдік мерзімі, шығу тегі

Тауарларға арналған техникалық тапсырмада функционалдық, техникалық, сапалық сипаттамалардың сипаттамасы функционалдық шектерін,